

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша диссертациялық
кеңестің жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет (6D021300/8D02314 – «Лингвистика») бағыты бойынша педагогтарды даярлау (8D02314 – «Лингвистика») мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстың саны туралы мәліметтер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет (6D021300/8D02314 – «Лингвистика») бағыты бойынша педагогтарды даярлау (8D02314 – «Лингвистика») мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2022 жылы 6 отырысы өткізілді (01.01.2022-31.12.2022).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

2. Оқу орнынан көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. *Кожсахметова Асель Сабырбековна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
2. *Бахтиярова Райгуль Муратовна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
3. *Кульманова Зульфия Бекбулатовна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.

3. Есен беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Кожсахметова Асель Сабырбековнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Аксиологиялық семантиканың қазақстандық басылымдар тілінде репрезентталуы».

Мамандық: 6D021300 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор М.Ш.Мусатаева, ф.ғ.д., профессор А.К.Киклевич.

Қорғау 2022 жылдың 13 сәуірінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– қазіргі Қазақстан жағдайында құндылықтардың қалыптасуы мен қызмет етуіне әсер ететін фактор ретінде БАҚ рөлі анықталды;

– қазақстанның қазақ және орыстілді баспасөзінде отбасы / семья, келісім / согласие, отансүйгіштік / патриотизм құндылықтарын көрсету үшін бақ-да қолданылатын тілдік құралдар анықталып талданды;

– бақ материалдары бойынша отбасы / семья, келісім / согласие, отансүйгіштік / патриотизм репрезенттарына салыстырмалы-түсіндіру талдауы жүргізілді;

– баспасөз тілінде және респонденттердің қазіргі күнделікті санасында экспликация табатын отбасы / семья, келісім / согласие, отансүйгіштік / патриотизм құндылықтары арасындағы корреляцияны анықтау мақсатында ассоциативті эксперимент жүргізілді. отбасы / семья, келісім / согласие, отансүйгіштік / патриотизм құндылықтарының негізгі құрамдастары эксперименталды түрде анықталды.

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Зерттеудің негізгі идеясы ғылымды дамытудың басым бағыттарына, Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру міндеттеріне сәйкес келеді, оған сәйкес бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды қалыптастырудың негізі болып отбасыда, қоғамда және білім беру жүйесінде бекітілген құндылықтар табылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

3) *Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.* Зерттеу жұмысы тіл білімінің прагмалингвистика, стилистика сияқты т.б. салаларына теориялық және практикалық тұжырымдар қоса алады. Оның практикалық мәні айқын. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындары филология факультеттерінің прагмалингвистика, стилистика, т.б. арнайы курстарда пайдалануға болады.

Бахтиярова Райгуль Муратовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Қазіргі медиадискурстағы «әскер әйел» концептісі».

Мамандық: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор Қ.Ө.Есенова, PhD Элвир Диаз, PhD Личия Баджини.

Қорғау 2022 жылдың 26 қазанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- концептуалды ғалам бейнесінің маңызды бір бөлігі ретінде «іскер әйел» ұғымы отандық (қазақ) және шетел тіл білімінде (француз) алғаш рет кешенді түрде салғастырмалы тұрғыдан зерттелді;

- «іскер әйел» концептісінің ғаламның тілдік бейнесіндегі амал-тәсілдері медиамәтіндер материалдары негізінде талданды;

- қазақ және француз лингвомәдениетіндегі іскер әйел жайындағы негізгі типтік көзқарастарды айқындайтын екі елдің тілдік санасында аталмыш концептіні құрылымдайтын басты когнитивтік стереотиптер сипатталды;

- «іскер әйел» концептісінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері айқындалды.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Зерттеудің негізгі идеясы медиалингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, мәдениаралық коммуникация, қазақ және француз тілдерінің лексикологиясы бойынша дәріс оқу барысында өз үлесін қосады. Диссертацияның негізгі практикалық қорытындыларын, нәтижелері мен тілдік материалдарын (медиадискурстың негізін құрайтын мәтіндер, концепт компоненттерін сипаттайтын материалдар) білім алу үрдісінде мамандар даярлауда пайдалануға болады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі бекіткен Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған талаптарға, білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Франция Республикасының Еуропа және Сыртқы істер министрлігінің бірлескен «Абай-Верн» бағдарламасы аясында орындалды.

3) Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Зерттеу жұмысындағы тіл білімінің когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика сияқты т.б. салаларына теориялық және практикалық тұжырымдар қоса алады. Оның практикалық мәні айқын. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындары филология факультеттерінің когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. арнайы курстарда пайдалануға болады.

Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы».

Мамандық: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.А.Жиренов, PhD профессор Зухал Олмез.

Қорғау 2022 жылдың 28 желтоқсанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– қазақ тіл білімінде тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің мағыналық-мазмұндық және мәдени-танымдық сипаттары алғаш рет кешенді түрде арнайы қарастырылды;

– тілдік және діни контекстер негізінде «қарыз бен парыз» концептілері этнолингвистикалық, лингвокогнитивтік аспектілерде талданды, олардың лексика-семантикалық мазмұнының ерекшеліктері анықталды;

– қазақ халқының этникалық дүниетанымындағы «қарыз бен парыз» концептілерінің этномәдени танымдық, этнотілтанымдық ерекшеліктері анықталып, тілдік мәтіндердегі «қарыз бен парыз» концептілерінің рухани-мәдени, адами-моральдық, аксиологиялық сапалық сипаттары көрсетілді;

– тіл мен діндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің рухани-мәдени, адами-моральдық, суггестиялық, ішкі құрылымдық-мазмұндық моделін, стилистикалық-прагматикалық ерекшеліктері анықталды;

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 998 қаулысы), Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларымен (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы) өзара сәйкес келеді.

3) Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері іс-тәжірибиеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында оқытылатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоаксиология, когнитивтік лингвистика, теолингвистика, мифолингвистика, дінтануға кіріспе, дін тарихы сынды пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, сонымен қатар теориялық әрі практикалық және семинар сабақтарында пайдалануға болады.

4. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде тіл білімі мамандығы бойынша республикадағы жетекші мамандар тағайындалды. Рецензенттерді

тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізділігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1. Кожухметова Асель Сабырбековнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Мирзоева Лейла Юрьевна – ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелең қ. (мамандық шифры 10.02.01);

Мусабеева Улжан Есеновна – ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.01, 10.02.19);

2. Бахтиярова Райгуль Муратовнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Базарбаева Зейнеп Муслимовна – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.20, 10.02.06);

Садирова Кулзат Каниевна – ф.ғ.д., доцент, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ. (мамандық шифры 10.02.02);

3. Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Сүйерқұл Ботагөз Мырзабайқызы – ф.ғ.д., профессор, Халықаралық білім беру корпорациясы Қазақ-Америка университеті Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.06);

Нұрдәулетова Бибайша Илияқызы – ф.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университеті, Ақтау қ. (мамандық шифры 10.02.02);

5. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісіне ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- бітіруші кафедралар (университет бойынша және өзге де ЖОО бойынша) докторантура курсы аяқтаған докторанттардың жұмыстарын аяқтап, диссертациялық кеңес жұмысына ұсынуға ықпал жасау мәселесі ұсыныс ретінде ескерілді.

6. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика» мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске 2022 жыл

